



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Елдің мәселесі ескерусіз қалмайды

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың халық алдындағы есепті кездесуі Аққыр ауылынан бастау алды. Кездесуге аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудандық мәслихат депутаттары, бөлім, мекеме басшылары қатысты. Алдымен әдеттегідей Ардақ Әбдіғәппарұлы атқарылған жұмыстарды саралап, ауыл тұрғындарының талап-тілегіне құлақ түрді. Аққыр ауылы кент орталығынан шалғайда орналасқан. Десе де аудан басшысының тікелей қолдауымен мұнда жарқын жобалар жүзеге асуда. Осыған қарап қарапайым халықтың бұған дейінгі талап-тілегі назарға алынғанын аңғару қиын емес.

Жол сапасы жақсарды

Кездесуде аудан әкімі облыс көлемінде, ауданда атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде кеңінен баяндады. – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде көшенді реформалар жүзеге асуда. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында ел дамуының жаңа кезеңі басталды. Жаңғыру мен жаңаруға бағытталған саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер ел болашағына сенімді арттырып отыр. Еліміз өркендеп, дамудың жаңа кезеңіне қадам басуда. Соның ішінде Үкіметтің ерек-



ше қолдауымен облыс әкімінің бастамасымен аймақта ауқымды жобалар жүзеге асуда. Қызылорда қаласының көлбеті жаңарып, аудан мен ауылдарда инфрақұрылым, жол құрылысы, әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Облыс әкімінің қолдауымен ауданымызда да жаңа әлеуметтік, мәдениет, спорт және денсаулық сақтау нысандары пайдалануға берілуде. Сонымен қатар кент пен ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын дамытп, ауылдарды газдандыру бағытындағы ауқымды жұмыстар өздеріңіздің көз алдарыңызда жүзеге асып келеді, – деді Ардақ Ибраимов.

Аудан әкімінің айтуынша, ауылда ел қажеттілігіне жарайтын жарқын жобалар жүзеге асып, бүгінде аққырлықтар оның игілігін көріп отыр. Мәселен, биыл «Қазақстан халқына» қоры арқылы 175 млн теңгеге дене шынықтыру-сауықтыру кешені шалғай ауылда бой көтеріп, ел игілігіне табысталды. Аққырауылында мұнанбөлекжалпы құны 489,9 млн теңгеге 5 ішкі көшеге күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Биыл облыстық бюджеттен бөлінген 182,7 млн теңгеге Н.Таспенев және Аққыр көшелеріне жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2026 жылы қалған 3 көшеге, яғни М.Ахметов, Ы.Ақырзаев, Ш.Есов көшелері күрделі жөндеуден өтеді.

«Үлгілі елді мекен» номинациясы аясында абаттандыру жобаларын жүзеге асыру үшін 15 млн теңге қаралып, жалпы құны 16,5 млн теңгеге спорттық жаттығу алаңы салынды. Ауылға кіреберістегі жасыл белдеу қоршалып, санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар кіреберіс пен орталық көшеге бейнебақылау камералары орнатылған. Бұдан бөлек 2026 жылы 333,7 млн теңгеге 100 орындық ауылдық клуб құрылысы және 560,5 млн теңгеге «Аққыр» каналына су шаруашылығы жұмыстарын жүргізуге арналған жобалар әзірленіп, бюджеттік өтінімдер тиісті басқармаларға ұсынылды.

Жалғасы 4-бетте

Сабантой

Егіс басындағы еңбек еленді

Көктем басталса, аққұмдықтар егіннің қамына кіріседі, содан күздің соңына дейін дамыл таппайтын дала дарабоздары жер жыртыудан дән жинауға дейінгі егіс басындағы қызу еңбектің бәрінде табандылық танытады. Әсіресе ауылдағы «Аққұм-Жер» шаруа қожалығының ұжымы соңғы жылдары саланы табысты қорытындылап келеді. Әлбетте бұған ұжымның ымырамен іс қылуы басты себеп болғаны айтпаса да түсінікті.

Биыл да шаруашылық үшін табысты жыл болды десек те жарасатындай, елмен бірге маусымында аяқсу тапшылығын олар да сезінді, бірақ кезекпен су алу арқылы бұл мәселені де айналып өткендей. Тілшілік тіршілікпен еңбек адамдарының егіс басындағы қызу жұмысын ақпараттандыру мақсатында Аққұмға бұған дейін талай ат ізін салғанымыз бар. Әсіресе күздің басында анасынан сөз естіген баладай басы салбыраған бітік шыққан өнімге қарап, жақсылыққа жорығанбыз. Бақ-қанымыз бақа болмады, расында күзгі науқанда шаруашылық ұжымы қамбаны астыққа толтырып, өз табысын ғана еселеп қоймай, ауданның ауыл шаруашылығы саласына серпіп берді.

Жалпы Рүстем Сәрсенбаев басшылық ететін шаруашылық табыс пен халықтың талап-тілегін тең ұстайды. Бір сөзбен айтқанда, төраға Рүстем Сәрсенбаев алдына келген ауылдағы ағайынның бірде-бір мәселесін ескерусіз қалдырған емес. Керісінше Аққұмда басқа да түрлі жобаларды қолға алып, ауылдағы ағайынның екі қолға бір күрек табуына қолғабыс еткісі келеді. Әлбетте бұған қатысты ойда жүрген жарқын жобалары жоқ емес, ол жағын алдағы уақыттың өншісіне қалдырды.

Биыл шаруашылық ұжымы 874 гектар алқапқа Сыр салысын екті, одан бөлек 200 гектар жоңышқа мен бидайы тағы бар. Ақегістің уақытында бидайдан мейжелі өнім жаса, маусымында жоңышқасын да жинап алды. Ал диқандардың жаздай күріштің күтіміне бар күшін салғаны анық байқалады. Күзгі науқанда Сыр салысының әр гектарынан 68 центнер орташа өнім алды. Толайым табыстың түбінде адал еңбек жатқанын біз де жақсы білеміз. Ал сол еңбекті лайықты бағалау те-



рағаның да негізгі міндеті болса керек.

Рүстем Сәрсенбаев – бұл жағынан өресі биік азамат. Осыған дейін егіс басында берген сұхбатында «адал еңбек қалайда пайықты бағалануы керек, онсыз жұмыс жүрмейді, күзгі науқанды бірыңғайласақ, сабантойда жалақыдан бөлек жұмысшылар қаржылай сыйлыққа ие болады» деген үзедісі бар. Төраға бұл сөзіне берік екен, оған жақында шаруашылықтың қорытынды шара-сында көзіміз жетті.

«Аққұм-Жердің» сабантойы облыс орталығындағы маңдайалды мейрамхананың бірінде болды. Бұл жолы егіс басындағыдай қолға ілінгенімен емес, еңбек адамдары түгел жаңа көйлек-шалбармен жүр. Маңдайдағы қыртыс та жазылған, шаруашылықтың саланы табыспен қорытындылауында барлығының қолтаңбасы бары анық байқалады. Бәрі де қаржылай һәм бағалы сыйлықтан үмітті. Қуанғанымыз, ешқайсысының сағы сынбады, бәрі де еңбегіне сай құрметке бөленіп, алды қоммақты қаражат алды.

Сабантой ауыл ақсақалдарының батасымен басталды, қазыналы қария Қосым Жүсіпбеков шаруашылықтың биыл табысты еңбек еткенін, оның жемісін тұтас ауыл жұрты көріп отырғанын жасырмады. Сондай-ақ ол еңбек ұжымының алдағы жұмысына сөттілік тіледі.

– Аққұмдықтар үшін биыл берекелі жыл болды, ауылдағы маңдайалды шаруашылықтың бірі «Аққұм-Жер» қамбасы астыққа толды. Мұнда үлкен еңбектің үлесі барын жақсы білеміз.

Ауыл әкімі арқылы елді мекендегі шешімін таппаған мәселелер бойынша төрағаның бұған дейін талай алдына бардық. Шүкір ғой, қазіргі жастардың көзі ашық, істің жүйесін біледі. Рүстем баламыз біз көтерген қай мәселені де аяқсыз қалдырмай, оның шешіміне жұмыс жасады. Жаздың ортасында жайылымға барар жол бойында орналасқан каналдың көпірі сыр берді. Енді қанша жылдан бері жөндеу көрмеген ғой, осылайша ауылдың өрісі тарылды. Бұл мәселені де шаруашылық төрағасының назарына салдық, егіс басындағы қызу жұмыстың жүріп жатқан кезі, соның бәрінде уақыт тауып, көпірді күрделі жөндеуден өткізді. Тізе берсек, бұл шаруашылықтың ауылға пайдасы мол, қаншама адамды жұмыспен қамтып отыр. Келер жылы да алға қойған өз мақсаттары бар, соның барлығына табыс тілейміз, қамбаларыңыз астыққа тола берсін, – деді қазыналы қария.

Бірді айтып, екіге кетті деменіздер, ақсақалдың сөзіне арқау болған көпірдің мәселесін біз де уақытында басына барып көрдік. Сол тұста Рүстем Сәрсенбаев «халық айтса, жерде қалмайды, мейлімше шешімін табуға жұмыс жасаймыз» деп тағы уәде еткен. Төраға сөзінде тұрды, көп ұзамай сол көпірді күрделі жөндеуге 10 млн теңгеден астам қаржы құйды. Қазір бұл мәселе де толық шешімін тауып, ауылдағы ағайын алғысын жаудырды.

Мұнан кейін қонақтар Сыр өнерпаздарының мерекелік концертін тамашалады. Ал көзек марапаттау рәсіміне

келгенде ауыл еңбеккерлерінің жүздері жадырап сала берді. Дала дарабоздарының алды 1 млн 500 мың теңге, басқа да қаншама диқан мен механикатор 1 млн теңгеден қаржылай сыйлыққа ие болды. Мұнан бөлек бірнеше еңбек адамы 700, 600, 500, 400 мың теңгеден қаржылай сыйлық алды. Сондай-ақ аспаздар мен басқа да еңбеккерлер бағалы тұрмыстық заттарға ие болды. Ауыл еңбеккерлеріне жалпы құны 30 млн теңге үлестірілді.

Бұл шара нағыз сабантойға лайық етті. Дән себемін дегенше механизматорлардың егіс басында қалай еңбектенгені, жаздай диқандардың күріштің күтімін қалай жасағаны, одан кейінгі комбайнерлердің қызу жұмысы, бәрі-бәрі бейнекөрсетілім арқылы көпшілік назарына ұсынылды. Сондай-ақ ұлттық спорт түрлерінен жарыс та ұйымдастырылды. Жеңімпаздар әдеттегідей қаржылай және бағалы сыйлықтарға ие болды.

Шаруашылық төрағасы Рүстем Сәрсенбаев келер жылы да мейжелі өнімге қол жеткізу үшін дайындықты бастап кеткенін айтады. Мәселен, алдағы жылы шаруашылық 1120 гектар алқапқа күріш егуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ 500 гектар алқапқа бидай және жоңышқа егу көзделуде. Бұдан «Аққұм-Жердің» келер жылы егісті әртараптандыруға басымдық беретінін анық байқадық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары

Қазақстанда балалардың бір сәтте бірнеше тісін жалпы наркозбен емдеу жағдайлары бойынша шағымдар жиілеген. Бұл мәселеден кейін Денсаулық сақтау министрлігі стоматологиялық клиникаларға тексеріс жүргізуді бастап кетті. Сала министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, жалпы наркоз – күрделі медициналық емшара, ол тек тәжірибелі анестезиологтің қатысуымен, қажетті құрал-жабдықтың толық қамтамасыз етілуімен ғана жүргізілуі тиіс.

662 стоматологиялық клиникаға тексеріс жүргізіледі

Бас прокуратураның тапсырмасына орай Қазақстандағы 622 стоматологиялық ұйымға жоспардан тыс тексеріс бас-талған. Министрліктің дерегіне сәйкес, қазіргі таңда 290 тексеріс тіркелген, оның 135-і аяқталған. 103 тексеріс жал-ғасуда. Ал 52 ұйымның жұмысы тоқтал тұрғандықтан тізімнен шығарылған, тағы 26 нысан тексеруге тіркелу кезеңінде. Прокуратура жолдаған 316 клиниканың 34-і МӘМС аясында қызмет көрсетеді, ал 282-сі тек ақылы негізде жұмыс істейді.

Министр ата-аналарды балаларға анестезияны «ың-ғайлы тәсіл» ретінде қарастырмауға шақырды. Ол ұзақ нар-коздың баланың жүрек-қан тамыр, тыныс алу және жүйке жүйесіне қауіп төндіруі мүмкін. Кейбір жеке клиникалардың «барлық тісті бір сеанста емдейміз» деген ұсынысы тек нақ-ты медициналық негіз болған жағдайда ғана орынды екенін атап өтті.

Ақмарал Әлназарова ата-аналар шешім қабылдамас бұрын барлық тәуекелдер мен жағдайлар туралы толық ақ-парат алуы қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ ол «бала-ның қауіпсіздігі әрқашан бірінші орында тұруы тиіс» деп есептейді.

Бұған дейін министр Астанадағы стоматологиялық кли-никада наркоздан кейін көз жұмған үш жасар қызға қатысты жағдай бойынша севеофлуран (севоран) препаратының қол-данылуына тыйым салу мәселесіне түсінік берген еді. Қазір бұл іске қатысты сот процесі жалғасуда.

13 643 бала дүниеге келген



Биыл аймақтың денсаулық сақтау саласында негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің оң үдерісі байқалады. Мәселен, күтілетін өмір сүру жасының орташа көрсеткіші былтыр 74,2 болса, биыл бұл көрсеткіш 75,15 жасты құрады. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков осылай деді.

– Тұрғындардың денсаулығын нығайту – саламыздың маңызды міндеттерінің бірі. Соның ішінде біз басым бағытты ана мен бала денсаулығын сақтауға беріп отырмыз, – деді ол.

Спикердің сөзінше, жыл басынан бері аймақта 13 643 нәресте дүниеге келген. Бүгінде ана мен бала денсаулығын сақтау саласының материалдық-техникалық базамен жаб-дықталуы 90,5 пайызды құрайды. Жыл соңына дейін Кебе-йінді облыстық балалар ауруханасына магнитті-резонансты томограф алынбақ. Бұдан бөлек мүгедектігі бар балаларды реабилитациямен қамтуды ұлғайту мақсатында елімізде аудан деңгейінде алғаш рет Жаңақорған көпбейінді орталық аудандық аурухана базасында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылған. Дәл осындай орталық Арал ауданында да ашылып, өз жұмысын бастады. Сонымен қатар облыстық перинаталды орталық базасында «Біркүндік клиника» пи-лоттық жобасы және «Ұрықты қорғау орталығы» ашылып, құны 145 млн теңгені құрайтын заманауи ультрадыбысты зерттеу аппараты алынған. Емханалар мен перинатальды орталық жанынан «Әйелдер консультациясы», «Ситуация-лық орталық» және үздіксіз біліктілікті арттыру мақсатында «Симуляциялық орталық» құрылған.

Өңірде денсаулық сақтау саласы мамандарының білік-тілігін арттыруға да ерекше көңіл бөлінуде. Биыл 41 медицина қызметкері Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдерінің клиникаларында біліктілігін арттырған. Соңғы 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 375 млн теңге бөлінген. Негізгі басымдық ана мен бала денсаулығын қорғау тақырыптарына беріліп, 84 акушер-гинеколог, 44 неонатолог, 42 реаниматолог, 19 пе-диатр дерігер оқытылған. Неонатологтарға арналған Ре-сейдің профессорларымен көшпелі мастер-класс өткізіліп, 40 медицина қызметкері қатысқан.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының бастамасымен қол-ға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлт-тық жобасы аймақта қарқынды жүзеге асуда. Ұлттық жоба аясында 27 нысан пайдалануға берілген. Жақында Арал және Қазалы аудандық көпбейінді аурухана ғимаратының қосымша құрылысы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

2 ҚОҒАМ

Темірмен тіл табысқан тракторшы



Өткен жұмада Ақсу ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Жұмысшылар жылы», «Сұхбат тайм» жобалары аясында «Еселі еңбектің жемісі» атты еңбек адамы Зейнегүл Тоқтыбаевамен кездесу өтті. Кездесуде ауыл азаматтары, бірге жұмыс жасап, кешегі күннің қилы жолын көрген ардагер аналар өткеннің өнегелі әңгімесімен бөлісті.

Қазіргі заманда қыз-келіншектер үшін көлік айдау таңсық болмаса да, трактор тізгіндеген қыздар қауымы сирек кездесетін рас. Олар – тек отбасының ұйытқысы ғана емес, ауыл шаруашылығының дамуына зор үлес қосқан, шын мәніндегі көшбасшылар. Дала тесінде тер төгіп, егін еккендердің қатарында Зейнегүл Нұрлыбекқызы да бар. Аққұм ауылында Нұрлыбек аға мен Ағайша анамыздың шаңырағында 1964 жылы туңғышы Зейнегүл апа дүниеге есігін ашады. Орта мектепті ойдағыдай аяқтаған соң қайсар мінезді жас бойжеткен кәсіптік-техникалық училищенің табалдырығын аттады. 1982 жылы маусым айында Ақсу ауылына жолдамамен тракторшы болып жұмысқа орналасты. 1991 жылға дейін Аудандық кеңесте 2 мәрте, облыстық кеңесте 1 рет депутат болып сайланды. Арнайы есімі жазылған тракторды Комсомол комитеті облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан арнайы табыстапты.

Партиялық билет табысталған күні оның еңбек жолындағы жаңа бір белес

басталды. Партия қатарына өтуі жауапкершілікті арттырып, қоғамдық іске деген ықыласын бұрынғыдан да еселей түсті. Кейін аудандық «Халықтық бақылау» мүшесі болып әділдікті қадағалауға атсалысты.

Қазына Өздебаева мен Дариха Асқарбаева – Зейнегүл апамен сол бір еңбек пен өрлеудің тоғысқан жылдарында советтік егін және мен мал шаруашылығына бірдей бел шешіп кіріскен жандар. Таңның атысынан күннің батысына дейін тынбай тер төгіп, ауылдың берекесін арттырған әпкелердің арқалаған жүгі жеңіл емес еді. Әсіресе кең алқапты дүбірлеткен трактор тізгінін құрыштай қайсарлықпен ұстап, ер азаматпен қатар тер төккені бүгінге дейін ел есінде. Қара топырақты қаж жарап өткен темір тұлпардың гүліне араласқан олардың жігерлі бейнесі – сол уақыттың шынайы шежіресі, еңбектің ешқашан өленбей қалмайтынын дәлелдейтін көз-көрген тарих.

Бар-жоғы он сегіз жасында Зейнегүл апа алғаш рет трактор рөліне отырды.

Жас қыздың маңдайына жазылған механизаторлық еңбек жолының алғашқы күні әлі күнге дейін жүрегінде жаңғырып тұр. Сол тұста өзі айдаған ең алғашқы техникасы – МТЗ-80 тракторы. Темір тұлпардың күркіреген үніне үйреніп, оны он жыл бойы тізгіндеп, даланың ең жауапты жұмыстарына қалтқысыз араласты. Қай маусымда болсын қиындықты жатсынбады. Көктем туса, күріш себу науқанына кірісіп, күз айында пресс, рулон бастырды, ал қыстың қа-қаған аязында сексөуіл басып, ауыл тұрғындарына қолғабыс етті. Әр ісіне тиянақты қарап, қандай тапсырма жүктелсе де мінсіз орындап үйренген еді. Тіпті он жыл ішінде үш бірдей трактор беріліп, бұзылса өз қолымен жөндеп, майын да, механизмін де қалпына келтіруден қашпаған. Зейнегүл апаның темірмен тіл табысқан шеберлігі мен адалдығы сол жылдардың ең жақын естеліктері болып қалды.

Бұрынғы темір тұлпар бүгінгідей кілт бұрасаң, әп-сәтте от ала қоятын заман-ның жеңіл техникасы емес. Ол кездің тракторының мінезі бөлек, өзіне лайық тәртібі бар қайсар машина. Жүргізу үшін кісі жігері мен білек күшін қатар сынайтын «тартип оталдыру» тәсілін білмесең, орнынан қозғалмайтын. Кейіпкеріміз сол бір қиындықты да жымиып еске алады. Кезекті жұмыс күні ұжымдас жігіттердің бірі «зажиганисін» теріс қойып, тракторды оталдырғанда болғанда қолын жұлып кете жаздағаны бар. «Қиындыққа мойымау керек» дейді апа бүгінде сол сәтті еске алып. Талай мұхатты жеңіп шыққан еңбекқор жанның жымиысы сол күндердің өзін жеңілдетіп жібергендей.

1986 жылдары бүгінде еңсесі биік

Гүлжан ЕСЖАН



«Жас қанат» – балалар бағбаны



Таң шапағы төгіле бастаған сәттен-ақ тынысы бөлек тіршілік әдеттегідей балабақша табалдырығынан бой көрсетеді. Қолына баласын жетектеген ата-ана үшін таңғы ең маңызды міндет – көз қуанышын сенімді жерге аманаттап, күнделікті қарбалас жұмысқа аттану. Аудан тұрғындары үшін он жылдан астам уақыт бойы сол сенімнің алтын бесігіне айналып үлгерген «Жас қанат» балабақшасы бүгінде бүлдіршіндердің шат күлкісіне толы, бұл ұжым 125 баланы тәрбиемен тербетіп келеді.

Бүгінде елімізде 10 мыңнан астам мемлекеттік және жеке балабақша жұмыс істейді, оның ішінде жекеменшік ұйымдардың үлесі жыл сайын еселеп артып, мектепке дейінгі білім беру кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналды. Мемлекет тарапынан да, кәсіпкерлік ортадан да қолдау тапқан бұл сала ер баланың ертеңгі қызмет етіп келеді. Сан артып, сапа жоғарылаған сайын Қазақстанның білім көкжиегі де кеңейіп жатыр. Өйткені балабақшаға барған бала – ұлттың үлкен жолға түскен кішкентай жүрегі.

2013 жылдан бері аудан балаларының айнымас мекеніне айналған жеке негіздегі «Жас қанат» балабақшасы бүгінде 3 жастан бастап бүлдіршіндерді қабылдап, балғын жүректердің өміріне өз ернегін салып жүр. Бес топқа бөлінген балалар «Ботақан», «Балапан», «Күн-шұақ», «Балдырған» топтарында, енді мектеп табалдырығына даяр тәрбиеленушілер «Балдырған» тобында. Бұл тәрбие ордасында бүгінде 20 қызметкер жұмыс жасайды. Мейірім мен міндетті қатар алып жүрген 9 тәрбиеші, оның ішінде төрт модератор, бір сарапшы, бір зерттеуші бар. 5 тәрбиеші көмекшісі, балдырғандардың саулығына жауапты медбике, 2 аспаз, өнерге баулитын музыка жетекшісі, әр сөзді анық айтуға үйретер логопед, барлығы да баланың болашағына шынайы жанашырлықпен қызмет етеді.

«Жас қанат» – тек бала ойнап, демалатын орын ғана емес таланты мен талабын алғаш байқап, ұшқыр ойына шамшырақ жағатын тәрбие ордасы. Бүлдіршіндердің жеткен жетістіктері

соның айғағы. Өткен жылы мектепалды даярлық тобы аудандық «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» байқауында өздерінің ынтымағы мен ізденісін танытып, екінші орынға ие болды. Ал «Мен – тәуелсіз ел ұланы» атты аудандық театрландырылған бейнеролик байқауында жас өнерпаздар елге деген сүйіспеншілігін өзіндік қойылым арқылы жеткізіп, тағы бір мәрте екінші орынды қанжығасына байлады. Бұған қоса «Мен зерттеушімін» танымдық-зерттеушілік байқауында да «Балдырған» тобы екінші орынға лайық деп танылды. Ал аудандық «Өнерім саған – Қазақстан!» фестивалінде дәл осы «Балдырған» тобы өнерпаздық қырын танытып үшінші



орын иеленді. Балабақшаның көктемгі сауықтыру және шынықтыру жұмыстары биыл жаңа қарқын, өзгеше серпілмен жалғасын тапты. Облыстық әдістемелік вебинар алаңында балабақша тәрбиешілері «Аула ойындары» тақырыбында мазмұндық жұмыс үлгісін ұсынып, заманауи педагогика үндескен орта қалыптастыра білді. Бала жүрегіне жол тауып, оның қуанышын арттыру – үлкен өнер. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мақсатында өткен «Педагогикалық идея – 2024» шығармашылық алаңы да тәрбиешілердің жаңашыл көзқарасын айқындай түсті.

Балабақша ауласына аяқ басқан сәттен-ақ әрбір детальдің бейжай емес, бала қиялын оятып, қызығушылығын арттыру мақсатында ойластырылғанын аңғаруға болады. Асфальт бетіне төселген түрлі-түсті шарлар ішіндегі өліп-биіріп. Көз ұшына кіп-кішкентай тәрбиеленуші ілікті. Ешкім ескертпей жатпаса да, аяқ киімін ұқыппен шешіп, әдемілеп қойып шықты. Күннің екінші жартысында балабақшаның іші өзгеше жайдары күлге өнеді. Бүлдіршіндерге арналған «Аспаптар сыры» үйірмесінің басталарын сезгендей қуанышты күбір дәлізден естіледі.

№116 білім ордасының іргетасын қалаушылардың бірі болды. Ал келер жылы, 1987-де совет директоры адал да табанды еңбегін бағалап, оны бір айлық туристік сапармен Болгарияға жіберген. Тарихи сапарында Қара теңіздің жағасын көріп, еңбектің арқасында ғана бұйыратын алыс сапардың ләбін сезініп қайтты.

Ел тәуелсіздік алған тарихи жылы Зейнегүл апамыз өмірлік серігі Мейрамбек ағамен шаңырақ көтеріп, берекесі ұйыған отбасының түтінін түзу ұшырды. Бүгінде екеуі елге үлгі боларлық бес бірдей перзентті тәрбиелеп, ұрпақ алдындағы парызын абыроймен атқарып келеді. Уақыт өкшелеп озғанымен, апаның тынымсыз еңбегі тоқтаған емес. 2018 жылдан бері жеке кәсібін дөңгелентіп, мал шаруашылығының, соның ішінде сүт бағытындағы еңбектің тізгінін нық ұстауда. Иіні жылымық келетін сүттің иісі аңқыған қорада бағылған сиырлар оның еңбегінің нәсібі болса, асылтұқымды бұқалар – шаруа сапасының белгісі. Кейіпкеріміздің қолынан шыққан табиғи сүт, ірімшік, бидай көже бүгінде аудан дүкендерінде ойып тұрып орын алады.

«Жұмысшы мамандықтар жылының» мәні мен мағынасы да осындай жандардың еңбегімен өлшенеді. Жастық жігерге толы жылдардағы табандылығы, әр мінезі мен мандағы табиғи буынға үлгі болар өрнекті өмір жолын қалыптастырды. Зейнегүл апаның әр белесі, әр естелігі қайсар қазақ әйелінің тіршілік төперишіне моймайып, еңбекпен есейіп, өмірдің өріне шыққанын дәлелдейтін тағылымды тарих іспетті.

Тағзым

Қазақтың бүтіндігі мен азаттығы үшін отарлаушы күшпен ашық күрескен және осы жолда мерт болған Кенесары ханның соңғы шайқасы өткен тарихи жер қазіргі Жамбыл облысы Қордай ауданы Қаракерем ауылдық аймағының Күнгей деп аталатын түстігінде. Хан Кененің қасіретті соңғы күніне куә болған жерлер сол мандағы Кекілік, Сеңгір таулары мен Әулиешоқы. Ал Кекілік пен Сеңгірдің аралығында жатқан Майтөбеге Кене хан ту тіккен. Шу өзені қозықөш жерде ағып жатыр. Алайда екі аралықты Қазақ-Қырғыз шекарасы бөліп тастаған.

Тарихқа терең бойладық



Хан Кене 1847 жылы көкек айында қапыда қырғыз манатарының қолына түсіп, арманда кетеді. Бұл туралы тарих көпшілікке жақсы мәлім. Осы тарихты, яғни Кене ханның азаттық идеясын кеңестік идеология жасырып, жанып баққаным, халық жадынан берібір өшіре алмаған. Жазушы Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, тарихшы Ермұхан Бекмаханов және тағы басқалар көркем шығармалар, зерттеулер жазды, сол үшін жазаланды да.

Еліміз тәуелсіздік алып, ел есін жия келе хан ұрпақтары Майтөбе басындағы қорым тастарын жаңғыртып, қақ ортаға биіктігі бес метр болатын еңселі ескерткіш орнатты. Ол қызыл гранит тақта таспен көмкерілген. Осы ескерткішті айналында қазақ рулары жеке-жеке тағзым тастарын қоя бастапты. Осы күннің өзінде Қыпшақ, Дулат, Беріш, Албан, Шапырашты, Керей, Қоңырат, Адай, Кете, Найман, Әлімұлы Жақайым, Арғын, Суан, Жалайыр, Ысты, Сіргелі, Тарақты, Шеркеш, Тобықты руларының атынан тағзым тастары сап түзеген. Бұл қазақ руларының бірлігін аңғартады. Бұдан басқа туысқан өзбек, ұйғыр, татар халықтарының атына, тіпті дүңген, орыс халықтары атынан да тағзым тастары алыстан көзге ұрады.

Майтөбеге Сыр бойынан да бір топ ақсақал арнайы барып, баба рухына тағзым етті. Бедіші Мұратбек Есболов ойған қара түсті гранитке: «Ұлт азаттығы үшін мерт болған Кенесары хан мен қазақ батырларының аруағына тағзым. Кіші жүз, Алшын, Шөменұлы Шөмекей ұрпақтарынан, қараша, 2025 жыл» деп жазылған.

Тарихы Сақ, Ғұн дәуірінен белгілі Сырдан шыққан батыр-ағалар да Хан Кененің мықты тірегі болып, қай жағынан да көмектескені кейінгі зерттеулерде жазылған. Бұл туралы Ресей империясының қазақ өмірін арнайы зерттеген Генштаб офицері, топограф, этнограф және тарихшы, нәсілі неміс Мейер Лев Лаврентьевич өзінің 1865 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Киргизская степь Оренбургского ведомства» атты 375 беттен тұратын кітабының 59-бетінде ерекше тоқталған.

1840 жылы жан-жақты қуғынға ұшыраған Кенесары сұлтанның жағдайы өте ауыр еді. Бірақ көп ұзамай оның жағдайы жақсарды: күшті Шөмекей руы оны құрметпен қабылдап, оған ең ықпалды бидің қызын Әйелдікке берді, содан кейін ғана Төртқара және Шың рулары оны билеуші деп мойындады, сол себепті ол өзін «Хан» деп негізсіз жариялады!» («Киргизская степь Оренбургского ведомства», Санкт-Петербург, 1865 г., стр 59).

Аптаның төртінші күні – Төңірі күні болған рәсімде осы шараны ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрген атақты спортшы, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, қазақша күрес бойынша спорт шебері, дзюдо бойынша Халықаралық дәрежедегі төреші, ҚР құрметті спорт қайраткері, Ауыр атлетикадан, қазақша күрестен дзюдодан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты Садық Шоңмұрынулы Мұстафа сөз сөйлеп, белгі тастың белбеуін шешті. Ал үстіне жазылған ақ матаны Қожамқұл Алдабергенов, Ізбасар Бердімұратов сынды ақсақалдар сыпырып, жиялған жұртқа ақ тілегін арнады. Осы екі қария да сексенге келіп, көпті көрген, бірі – ұстаз, екіншісі – шаруашылық басқарған зиялы жан. Екеуі де ата-мекенге Өзбекстанның Тәуелібай аймағынан қоныс аударған. Қазір Қордай ауданында тұрады.

Сол күні аудан орталығы Қордайда Кенесары хан мен сарбаздарының аруағына арнап ас берілді. Асқа Тасбай Елханұлы ақсақал бата беріп, Оспан қарі Әбдулқадыр құран оқыды. Қордай ауданы, Жамбыл Жаңатұрымыс ауылдарының ақсақалдар кеңесі төрағасы Нұрбек Жөкеев ақсақал «Компания Сырым Бөке» құрылыс компаниясының директоры, белгілі кәсіпкер, меценат Елмұрат Күнбеков, республикалық «Таң-Шолпан» әдеби журналының бас редакторы, жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, Мәдениет саласының үздігі Нұрлыбек Саматұлы, шараны ұйымдастырушылар Асан Әлжанов, Қорғанбай Көбеев, Иран республикасынан ата-мекенге оралған Жақып Мұхамеддин, «Аспан-Дейт» компаниясының басшысы Айдарбек Жетесбаев, Бедіші Мұратбек Есболов және тағы басқа да азаматтар сөз сөйлеп, Хан Кене жорықтары туралы тарих тиегін ағытты.

Ас соңында Сыр сүлейі Сәрсенбай жыраудың немересі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, дарынды жыршы Майра Сәрсенбаева Базар жыраудың «Тіршіліктің түрлері» термесін толғап, жиялған жұртты төңітті.

Гүлжан Есжан

Қайрат ӘБДІҚАПАРҰЛЫ

